

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Қ.И.СӘТБАЕВ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ

5В072400 – «ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ МАШИНАЛАР ЖӘНЕ ЖАБДЫҚТАР» (САЛАЛАР
БОЙЫНША) МАМАНДЫҒЫНЫҢ
ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ
«ТАУ-КЕН МАШИНАЛАРЫ МЕН ЖАБДЫҚТАРЫ» САЛАСЫ

Алматы 2015

Элективті пәндер каталогы Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің ғылыми-әдістемелік кеңесімен бекітілген (№5 хаттама «05» маусымның 2015ж.). Алматы, ҚазҰТЗУ, 215.

Каталогта мамандық бойынша элективті пәндер (таңдау бойынша) тізімі, пәндердің пререквизиттері мен постреквизиттері, пәнді оқу мақсаты, қысқаша мазмұны, күтілетін нәтижелері енгізілген.

БІЛІМ АЛУШЫ МЕН ЭДВАЙЗЕРГЕ АРНАЛҒАН ЖАДНАМА

Мамандықтың барлық пәндері модульдер мен циклдер (бакалавриатта ЖБП, БП, ПП; магистратура мен докторантурада БП, ПП) бойынша бөлінген. Олардың ішінде пәндер міндетті және элективті (таңдау) пәндеріне бөлінген. Оқуға міндетті пәндердің тізімі мамандықтың үлгілік оқу жоспарында (ҮОЖ) келтірілген. Мамандықтың әр курсы үшін элективті пәндер тізімі элективті пәндер каталогында (ЭПК) келтірілген. ЭПК мамандықтың таңдау пәндерінің жүйеленген аннотацияланған тізімі болып табылады. ЭПК білім алушыларға оқытудың таңдалған траекториясына сәйкес элективті оқу пәндерінің альтернативті таңдау мүмкіндігін беруі керек.

Мамандық бойынша ҮОЖ бен ЭПК негізінде білім алушының оқу жылына жеке оқу жоспары (ЖОЖ) құрылады. ЖОЖ-ды шығарушы кафедра тағайындаған эдвайзердің көмегімен бакалаврлар мен магистранттар құрастырады. Докторанттар ЖОЖ-ды өздері құрастырады. ЖОЖ мамандық шегінде әрбір білім алушының жеке білім алу траекториясын анықтайды. ЖОЖ-ға ҮОЖ-дан міндетті компонент пәндері мен оқу қызметінің түрлері (практикалар, зерттеу жұмысы, мемлекеттік (кешенді) емтихан, дипломдық жұмысты (жобаны) жазу, диссертацияны ресімдеу және қорғау) және ЭПК-дан таңдау компоненті пәндері кіреді.

Еңбек нарығының және жұмыс берушілердің талаптарының есебімен нақты жұмыс саласына бағытталған білім беру траекториясының бакалаврларына көмек ретінде ЭПК шегінде білім алушыларға көзделген білім беру траекториясын меңгеруді кепілдейтін пәндер тізімі берілуі керек.

Элективті оқу пәндерін таңдаған кезде мыналарды есепке алу керек:

1 Бір семестрде міндетті түрде оқылатын оқытудың қосымша түрлерін (ОҚТ) есептемегенде, күндізгі оқыту бөлімінің студенті 18-22 кредитті (міндетті және элективті), сырттай оқыту бөлімінің студенті 9-12 кредитті (міндетті және элективті) игеруі тиіс.

2 Оқытудың барлық кезеңіндегі жалпы кредит саны мамандықтың ҮОЖ-нда көрсетілген саннан аспауы керек.

3 Элективті пәндер тиісті нөмірі бар таңдау топтарына біріктірілген. Пәндердің әр тобынан бір ғана элективті оқу пәнін таңдауға болады

2-ші курс

№	Модульдің атауы	Пәннің циклі	Пәннің коды	Пәннің атауы	Кредит саны	Семестр
1	Технология және пайдалану модулі	БП 2.2.8	TAGP2208	Тау-кен өндірісіне бейімделу бойынша тренинг	3	3
2		БП 2.2.8.1	ZIS2208.1	Зияткерлік меншікті қорғау	3	3
3	Физика модулі	БП 2.2.14	FizZTM2214	ТКМЖСҚ мәселелеріндегі физика	4	4
4		БП 2.2.14.1	PFiz2214.1	Тау-кен машиналарындағы үйкеліс пен тозу процесінің физикасы	4	4
5	Математикалық дайындық модулі	БП 2.2.7	MatZ2207	ТКМЖСҚ мәселелеріндегі математика	3	3
6		БП 2.2.7.1	MatR2207.1	ТКМЖСҚ есептеріндегі математика	3	3

TAGP2208 - Тау-кен өндірісіне бейімделу бойынша тренинг-3 кредит

Пререквизиттер: Тіршілік қауіпсіздік негіздері

Оқытудың мақсаты. Пәнді оқытудың мақсаты мен міндеттері студенттерді қазіргі заманғы тау-кен өндірісімен, пайдалы қазба кен орындарымен, оларды қазу технологиясымен және техникасымен, тау-кен кәсіпорынындағы технологиялық машиналар және жабдықтар бакалаврының жұмыс ерекшеліктерімен таныстыру.

Қысқаша мазмұны: Мұнда оқушылардың пайдалы қазба кен орындарынан, тау-кен жұмыстарының процестерімен және технологиясымен, кеніштердің механикалық жабдықтарымен, тау-кен кәсіпорындарының құрылымымен, жер туралы заңдармен, экология мәселелерімен таныстыруды қамтамасыз ететін материалдар қамтылған.

Күтілетін нәтижелер: Бакалавр мамандыққа баға беру сипаттамасына сәйкес мыналардан хабардар болады:

- тау-кен істері саласында негізгі терминдерді біледі;
- тау-кен кәсіпорындарының құрылымы туралы біледі;
- тау-кен кәсіпорындарының құрылысы және пайдалы қазбаларды қазып алу кезіндегі процестерді біледі;
- тау-кен өндірісінде қолданылатын технологиялық машиналар туралы біледі.

Постреквизиттер: Осы пән білімін пайдаланатын пәндер тізімі (мамандықтың жұмыстық оқу жоспары бойынша):

- пайдалы қазба кен орындарын қазу;
- тау-кен машиналары және жабдықтары;
- тау-кен технологиялық машиналары;
- тасмалдау машиналары және жабдықтары;
- көтерім қондырғылары;

- сутөкпе, желдетпе және пневматикалық қондырғылар.

ZIS 2208.1 – Зияткерлік меншікті қорғау- 3 кредит

Пререквизиттер: Құқық негіздері, Информатика

Оқытудың мақсаты: Азаматтық зияткерлік меншік құқығын қорғауды игеру.

Қысқаша мазмұны: Бұл пәнде зияткерлік меншіктің негізгі құқықтық институттарымен танысуды қамтамасыз ететін материалдар, оларды қолданудың рационалды режимі және оларды жобалау әдістері көрсетілген. Ол келесі материалдарды қамтиды: сауда құпиясы, патенттер, авторлық құқық, Қазақстан Республикасының және шет елдердің зияткерлік меншікті қорғау бойыншы заңнамалары.

Күтілетін нәтижелер: зияткерлік меншікті қорғау аймағындағы анықтамалар мен терминдерді білу, зияткерлік меншік қорғау аймағындағы Қазақстан Республикасының және шет елдердің заңдарын білу, өндірістік үлгілер мен тауарлық белгілер, жаңа модельдерді, рационалды ұсыныс және өнер табысқа сұраныс жасай алу, замануи ақпараттық технологияларды ақпарат көздерін алуды пайдаоана білу, ҚР азаматы ретінде құқығын және міндеттерін білу.

Постреквизиттер: Кен машиналары және БЖ, ГМиБЖ конструкциялау, гидрорпневматикалық машиналарды конструкциялау.

FizZTM2214- Тау-кен машиналары мен стационарлық қондырғылардың мәселелеріндегі физика- 4 кредит

Пререквизиттер: Физика 1, физика 2.

Мақсаты: Тау-кен машиналары мен стационарлық қондырғылардың жұмыстарындағы физикалық процесстердің іс жүзінде қолданылуы

Қысқаша мазмұны: Тау-кен машиналары мен стационарлық қондырғылардың жұмысы кезінде болатын көптеген процесстер физиканың механика, жылу және басқа бөлімдерінің белгілі бір заңдарымен байланысты болады. Бұл оқу пәнінде іштен жанатын қозғалтқыштарда және ауаны сығу кезінде компрессорларда, сұйықтар мен газдардың ағысы кезінде, әртүрлі механизмдердің қозғалысы және бұрғылау құрылдарымен тау-кен жыныстарын бұзу кезінде жылу бөліну процесстерін анықтау және оңтайландыру бойынша бірқатар мәселелерді шешу жүзеге асырылады.

Күтілетін нәтижелер: Физика мен математика негіздері мен әдістерін іс жүзінде пайдалана білу қабілеттілігі. Қазіргі замандағы ғылым әдістерін практикалық қызметте пайдалана білу қабілеттілігі. Игерілген білім және пәндер ішіндегі жүйелі өзара байланыстарды түсіну, сол сияқты пән аралық қатынастарды логикалық тұрғыдан пайымдай білу қабілеттілігі. ТКМиСҚ тораптар жұмысы процесстерін модельдей алу қабілеттілігі.

Постреквизиттер: ТКМиСҚ термодинамика және жылу берілісі, ТКМжСҚ термодинамика және жылу күші бар қондырғылар, кен машиналары және жабдықтары, тау-кен технологиялық машиналар, тасымалдау машиналары және жабдықтары, технологиялық машиналарды құрастыру және пайдалану, шахталық стационарлық қондырғылар, сутөкпе, желдетпе және пневматикалық қондырғылар, көтерім қондырғылары, вертикалды көлік.

PFiz2214.1 - Тау-кен машиналарындағы үйкеліс пен тозу процесстерінің физикасы- 4 кредит

Пререквизиттер: физика 1, физика 2.

Оқыту мақсаты: Кен машиналарында үйкеліс және оған сәйкес тозу процесстері нәтижелерінде өтетін физикалық процесстерді тәжірибелі игеру.

Қысқаша мазмұны: Үйкеліс бөлшектер желінісін анықтайтын процесс факторы болып саналады. Сырғанау және тербеліс үйкелісі, физика процесі. Кен машиналары мен

тұрақты қондырғылардың желінбелі бөлшектерін желінуден азайту үшін майлауды қолданады. Үйкелісті модельдеу. Құрғақ және ылғал үйкеліс. Сұйықтық үйкелісті қамтитын шаралар. Кен машиналары бөлшектері мен буындарын желімдеу заңдылығын анықтайтын сараптамалық байланыстар.

Күтілетін нәтижелер: Физиканың негізгі заңдары және математика әдістерін тәжірибелік қолдану икемділігі. Ішкі пәндерді жүйелік өзара байланысты игеру білімі мен түсінігін логикалы ұсыну, ал сол сияқты қазіргі ғылымда пән аралық қатынастарды қолдану икемділігі. Кен машиналарында үйкеліс, майлау және желіну процестерін модельдеу икемділігі.

Постреквизиттер: КМмТҚ термодинамикасы және жылу берілісі, КМмТҚ термодинамикасы және жылу күштік қондырғылары кен машиналары жабдықтары, тау-кен –технологиялық машиналар, тасымалдау машиналары мен жабдықтары, технологиялық машиналары мен жабдықтары, құрау және пайдалану, шахталық тұрақты қондырғылар, сутөкпе, желдетпе және ауалық қондырғылар, көтерім қондырғылары, тік тасымалдау.

MatZ2207 -ТКМ ж ТҚ мәселелеріндегі математика- 3 кредит

Пререквизиттер: Математика, ақпараттану

Мақсаты: Техникалық есептеулер тапсырмаларын шешу үшін қолданбалы бағдарлама пакеттерін қолдану аймағындағы білімді алу.

Қысқаша мазмұны: Математиканың барлық аймағындағы тәжірибелердің берілген сараптамалары үшін функциялардың үлкен санын (бірнеше жүздік) MATLAB – ты қолданушыларды , жекелегенде: матрица және сызықты алгебра, көп мүшелі және интерполяция, математикалық статистика және берілгендерді сараптау, берілгендерді өңдеу, дифференциалдық теңдеу, бүтін санды арифметика. Теориялық білім тәжірибелік жұмыстарының кешендері мен бекітіледі, онда MATLAB құралдарын қолданып білгірлік және дағдылық алынады.

Күтілетін нәтижелер: Кен машиналары мен жабдықтарын жобалау және пайдалану кезінде MATLAB құралдарын қолдану қабілеттілігі.

Постреквизиттер: Кен машиналары мен тұрақты қондырғыларды жобалау, технологиялық машиналарды құрау және пайдалану, дипломдық жоба.

MatZ2207.1 -ТКМ жТҚ есептеулеріндегі математика- 3 кредит

Пререквизиттер: Математика, ақпараттану

Мақсаты: Техникалық есептеулер тапсырмаларын шешу үшін қолданбалы бағдарлама пакеттерін қолдану аймағындағы білімді алу.

Қысқаша мазмұны: Математиканың барлық аймағындағы тәжірибелердің берілген сараптамалары үшін функциялардың үлкен санын (бірнеше жүздік) MATCAD – ты қолданушыларды , жекелегенде: матрица және сызықты алгебра, көп мүшелі және интерполяция, математикалық статистика және берілгендерді сараптау, берілгендерді өңдеу, дифференциалдық теңдеу, бүтін санды арифметика. Теориялық білім тәжірибелік жұмыстарының кешендері мен бекітіледі, онда MATCAD құралдарын қолданып білгірлік және дағдылық алынады.

Күтілетін нәтижелер: Кен машиналары мен жабдықтарын жобалау және пайдалану кезінде MATCAD құралдарын қолдану қабілеттілігі.

Постреквизиттер: Кен машиналары мен тұрақты қондырғыларды жобалау, технологиялық машиналарды құрау және пайдалану, дипломдық жоба.

3-ші курс

№	Наименование модуля	Цикл дисциплины	Код дисциплины	Наименование дисциплины	Кол-во кред-в	Се ме стр
1	Жобалау және ТКМмТҚ жетектері-1 модулі	БП 3.2.17	GMP3217	Тау-кенмашиналары мен тұрақты қондырғыдағы жетектер	3	5
2		БП 3.2.17.1	GM3217.1	ТКМжТҚ гидромеханикасы	3	5
3		БД 3.2.17.2	PTM3217.2	Гидравликалық машиналардың жетектері	3	5
4		БП 3.2.16.2	OG3216.2	Гидрожетектердің негіздері	3	5
5		БП 3.2.18.2	TGR3218.2	Көлемдік машиналар және гидро берілістер	3	5
6	Жобалау және ТКМмТҚ жетектері-2 модулі	БП 3.2.21	PGM3221	ТКМжТҚ жобалау	4	6
7		БП 3.2.21.1	KGMSU3221.1	ТКМжТҚ конструкциялау	4	6
8		БП 3.2.21.2	KGM3221.2	Гидравликалық машиналарды конструкциялау	4	6
9	Тасымалдау машиналары және жабдықтары модулі	ППЗ.3.2	TMO3302	Тасымалдау машиналары және жабдықтары	4	5
10		ППЗ.3.2.1	LT3302.1	Көліктегі логистика	4	5
11		ППЗ.3.2.2	LT3302.2	Технологиялық машиналар және жабдықтар	4	5
12	Тау-кен машиналары және жабдықтары модулі	ПП 3.3.1	GMO3301	Тау-кен машиналары және жабдықтары	4	5
13		ПП 3.3.1.1	GTM3301.1	Тау-кен – технологиялық машиналары және жабдықтары	4	5
14		ПП 3.3.1.2	GOGM3301.2	Тау-кен машиналарының гидравликалық жабдықтары	4	5

15	ТКМмТҚ жобалаудағы матеметика модулі	БП 3.3.5	MZSAPRGM 3305	АЖЖ мәселе- леріндегі математика	3	6
16		БП 3.3.5.1	MatMP3305.1	Тау-кен машиналарын жобалаудағы математикалық әдістер	3	6
17		БП 3.3.5.2	MatMPG3305 .2	Гидравликалық машиналарды жобалаудағы математикалық әдістер	3	6
18	Тұрақты қондырғылар модулі	БП 3.3.4	VVPU3304	Сутөкпе, желдетпе және ауа қысымдық қондырғылар	4	6
19		ПП 3.3.4.1	ChSU3304.1	Шахталық тұрақты қондырғылар	4	6
20		ПП 3.3.4.2	TIGM3304.2	Гидравликалық машиналарды дайындау технологиясы	4	6

GMP3217 Тау-кенмашиналары мен тұрақты қондырғыдағы жетектер– 3 кредит

Прерквизиттер: теориялық механика, конструкциялау негіздері және машина бөлшектері, технологиялық машиналардың математикалық есептері, машиналар мен механизмдер теориясы, технологиялық машиналарды жобалаудағы математикалық әдістер.

Оқыту мақсаты: Кен өндіру саласында қолданылатын заманауи пневматикалық машналар мен жетектердің конструкциялық ерекшеліктері, құрамы жіне жұмыс істеу принципі бойынша білім алу.

Қысқышы мазмұны: Тау-кен машиналары мен тұрақты қондырғыдағы жетектер заманауи өнеркәсіп-терде кеңінен таралған. Тау-кен машиналары мен тұрақты қондырғыдағы жетектер тау-кен саласында - көмір өндіру және қазба кешендерінде, механикаландырылған бекітпелерде, құры-лыс саласында – экскаваторлар, гидropневмобалғалар, импульсті перфора-торлар, машинажасауда – металлургиялық агрегаттар, станоктар, автоматтандырылған манипуляторлар, роботтар, конвейерлер, тамақ өнеркәсібінде – пневматикалық жетекті конвейерлер. Бұл пән гидropневмомашиналар мен жетектердің конструкциясы мен жұмыс принципін, пайдаланудың тиімді және қауіпсіздігін қамтамасыз ету, олардың техника-экономикалық көрсеткіштері мен радио-налды кестелерді анықтауды зерделеуді үйретеді.

Күтілетін нәтижелер:

- Гидропневможетек саласындағы негізгі терминдер мен анықтамалар;
- Кен машиналарының жетектерін пайдалану кестесі;
- Гидропневможетектердің конструктивті,принципиалды және кинематикалық сұлбысы;
- Кен машиналарының жетектерінің рационалды жұмыс кестесін есептеу;
- Кен машиналарының гидropневможетектерінің сипаттамасын есептеу.

Постреквизиты: Гидротехнологиялық машиналар, сутөкпе, желдетпе және пневматикалық машиналар, гидравликалық машиналардың көрсеткіштерін қолданбалы модельдеу.

GM3217.1 ТКМжТҚ гидромеханикасы- 3 кредит

Пререквизиттер: математика 1,2; ақпараттану, физика,1,2; теориялық механика, технологиялық машиналардағы термодинамика және жылу берілісі

Мақсаты: білімді игеру: идеалды және серпімді сұйық гидродинамикасының сұйықтың арынды және арнсыз ағымдары жүрісінің, гидравликалық құбылыстарды моделдеудің негізгі мәселелері бойынша білімді алу болып табылады.

Қысқаша мазмұны: Сұйық және газ механикасы пәні Гидрожетекте қолданылатын сұйықтың физикалық қасиеті. Гидростатикалық қысым Паскаль заңы. Сұйықтың теңдік заңы. Жазық және қисық сызықты объекттердегі қысым. Дененің жүзуі. Тегіс ортадағы кинематика және динамика негіздері. Үздіксіз теңдігі. Жылжымалы сұйықтар үшін Эйлердің дифференциалдық теңдеуі. Бернули теңдеуі. Сұйықтың бір қалыпты жүйесі. Құбыр өткізгіштердегі сұйық жүрісі кезінде Арынның жоғалысын есептеу. Тесіктер мен отырғызбалардан сұйықтың ағуы. Сұйықтың тұрақсыз ағуы.

Күтілетін нәтижелер:

- гидродинамиканың негізгі заңдары, идеалды және серпімді сұйықтың жүру теңдеуі;
- сұйықтың арынды және арынсыз ағымдарының жүру теңдеуі;
- гидротрансформациялау теориясының негізгі қағидасы;
- құбырлық өткізгіштердің гидравликалық есептерін жүргізу;
- жергілікті гидравликалық кедергілерді орнату;
- гидравликалық құбылыстарды моделдеудің мақсаты мен мазмұнын дұрыс жіктеу;
- өз еңбегін ғылыми негізде ұйымдастыру, гидродинамикалық ұқсастықтың компьютерлік әдістерін игеру.

Постреквизиттер: технологиялық машиналар, сутөкпе, желдетпе және ауалық қондырғылар, ГПЖ және гидропневматиканы басқару құралдары

РТМ3217.2 Гидравликалық машиналардың жетектері- 3 кредит

Пререквизиттер: теориялық механика, конструкциялау негіздері және машина бөлшектері, технологиялық машиналардың математикалық есептері, машиналар мен механизмдер теориясы, технологиялық машиналарды жобалаудағы математикалық әдістер.

Оқыту мақсаты: Кен өндіру саласында қолданылатын заманауи пневматикалық машиналар мен жетектердің конструкциялық ерекшеліктері, құрамы және жұмыс істеу принципі бойынша білім алу.

Қысқаша мазмұны: Технологиялық машиналар – көп жетекті жүйе құру мүмкіндігін қамтамсыз ететін шектеулі сыртқы өлшемдерде үлкен қуат туғызу, жүктемеден сенімді қорғау, беру моменті, механизмнің жылдамдықтары мен жылжуын дәл басқыру, автономды энергиямен қамтамсыз ету, жоғары сенімділік. Бұл пәнде гидропневможетектің негізгі көмекші элементтерінің конструкциялық ерекшеліктері және әсер ету принциптері, технологиялық машина жетектерінің принципіалды гидропневматикалық сұлбасын тұрғызу, талдау оқытылады. Теориялық білім гидропневмоэлементтерді, гидропневможетектерді пайдаланудың (оңтайлы, рационалды) кестелерін таңдау және есептеудің негіздеу, үйрену кешендерімен бекітіледі.

Күтілетін нәтижелер:

- Гидропневможетек саласындағы негізгі терминдер мен анықтамалар;
- Кен машиналарының жетектерін пайдалану кестесі;
- Гидропневможетектердің конструктивті, принципіалды және кинематикалық сұлбасы;
- Кен машиналарының жетектерінің рационалды жұмыс кестесін есептеу;

- Кен машиналарының гидропневможетектерінің сипаттамасын есептеу.

Постреквизиты: Гидротехнологиялық машиналар, сутөкпе, желдетпе және пневматикалық машиналар, гидравликалық машиналардың көрсеткіштерін қолданбалы модельдеу.

OG3216.2 - Гидрожетектердің негіздері- 3 кредит

Пререквизиттер: теориялық механика, конструкциялау негіздері және машина бөлшектері, технологиялық машиналардың математикалық есептері, машиналар мен механизмдер теориясы, технологиялық машиналарды жобалаудағы математикалық әдістер.

Оқыту мақсаты: Кен өндіру саласында қолданылатын заманауи пневматикалық машиналар мен жетектердің конструкциялық ерекшеліктері, құрамы және жұмыс істеу принципі бойынша білім алу.

Қысқышы мазмұны: Технологиялық машиналар – көп жетекті жүйе құру мүмкіндігін қамтамсыз ететін шектеулі сыртқы өлшемдерде үлкен қуат туғызу, жүктемеден сенімді қорғау, беру моменті, механизмнің жылдамдықтары мен жылжуын дәл басқыру, автономды энергиямен қамтамсыз ету, жоғары сенімділік. Бұл пәнде гидропневможетектің негізгі көмекші элементтерінің конструкциялық ерекшеліктері және әсер ету принциптері, технологиялық машина жетектерінің принципіалды гидропневматикалық сұлбасын тұрғызу, талдау оқытылады. Теориялық білім гидропневмоэлементтерді, гидропневможетектерді пайдаланудың (оңтайлы, рационалды) кестелерін таңдау және есептеудің негіздеу, үйрену кешендерімен бекітіледі.

Күтілетін нәтижелер:

- Гидропневможетек саласындағы негізгі терминдер мен анықтамалар;
- Кен машиналарының жетектерін пайдалану кестесі;
- Гидропневможетектердің конструкциялық, принципіалды және кинематикалық сұлбысы;
- Кен машиналарының жетектерінің рационалды жұмыс кестесін есептеу;
- Кен машиналарының гидропневможетектерінің сипаттамасын есептеу.

Постреквизиттер: Гидротехнологиялық машиналар, сутөкпе, желдетпе және пневматикалық машиналар, гидравликалық машиналардың көрсеткіштерін қолданбалы модельдеу.

TGR3218.2 - Көлемдік машиналар және гидро берілістер- 3 кредит

Пререквизиттер: теориялық механика; конструкциялау негіздері және машина детальдары; технологиялық машиналар мәселелеріндегі математика; машиналар мен механизмдердің теориясы.

Оқытудың мақсаты: Пәнді оқытудың мақсаты өнеркәсіптің кен қазу салаларында қазіргі уақыттағы гидро пневматикалық жетектердің конструкциялары, құрамы және жұмыс істеу принципі бойынша пайдалы білім алу болып табылады.

Қысқаша мазмұны: Пәнде көлемдік гидравликалық машиналардың жіктелуі, конструкциясының ерекшеліктері, арналуы, әсер ету принципі, негізгі техникалық параметрлері, есептік тәуелділіктері, техникалық сипаттамаларын тұрғызу және жұмыстық пайдалану режимдері оқытылады. Поршенді гидро машиналар: гидро қозғалтқыштар және гидро насостар. Гидро цилиндрлер. Роторлы-поршенді гидро машиналар: радиальды-поршенді және аксиалды – поршенді. Жоғары моментті гидро моторлар. Тістегерішті гидро машиналар. Пластиналы гидро машиналар. Көлемдік гидравликалық машиналарды реттеу негіздері мен гидро жетектерді көлемдік реттеу.

Күтілетін нәтижелер: білу керек: гидропневмо жетектер саласындағы негізгі терминдер мен анықтамаларды; кен машиналары мен жабдықтарының жетектерінің пайдалану режимдері мен оларды пайдаланудың қауіпсіздік ережелерін; гидропневмо

жетектердің құрылымдық, принципіальды және кинематикалық сұлбаларын; кен машиналары мен жабдықтардың жетектерінің ұтымды жұмыс режимдерін есептеуді.

Постреквизиттер: Тау-кен технологиялық машиналар; сутөкпе, желдеткіш және пневматикалық машиналар; гидравликалық машиналардың параметрлерін қолданбалы модельдеу.

PGM 3221 - Тау-кен машиналары мен тұрақты қондырғыларды жобалау-4 кредит

Пререквизиттер:

Осы пәнді оқып үйренуге қажетті сабақтас пәндерге:

- математика 1,2;
- ақпараттану;
- физика 1,2;
- сызба геометрия және инженерлік графика;
- теориялық механика;
- механизмдер мен машиналар теориясы;
- материалдар кедергісі;
- стандарттау, сертификаттау және технологиялық өлшемдер;
- машина бөлшектері және конструкциялау негіздері;
- материал тану және конструкциялық материалдар технологиясы.

Оқытудың мақсаты. Пәннің мақсаты мен тапсырмасы, машина жасаудағы соңғы жетістіктерді ескеріп технологиялық машиналарды жобалаудың негізгі мәселелері бойынша білім алу болып табылады.

Қысқаша мазмұны: Кен технологиялық машиналарына қойылатын талаптар. Технологиялық машиналар құрылысын жобалаудың жалпы принциптері. Технологиялық машиналарды жүйелі тәсілдер негізінде жобалау. Бөлшектер құрылысын жобалау. ТКМ құрылымын экономикалық негіздеу. КТМ құрылымдау кезіндегі технологиялық ұғымдары мен көрсеткіштері. КТМ құрылымдарының тозуға төзімділігі. ТКМ бөлшектерінің қайта шешілетін жалғауларын конструкциялау. Бөлшектердің қайта шешілмейтін жалғауларын конструкциялау.

Күтілетін нәтижелер: Технологиялық машиналар және жабдықтар мамандығының бакалаврлары:

- технологиялық машиналарды конструкциялаудың негізгі принциптері мен әдістерін біледі;
- металды аз жұмсау және массаны азайту әдістерін біледі;
- конструктивті параметрлерді есептеу принциптерін біледі;
- машина бөлшектері мен жиналмалы бірліктерді конструкциялауды біледі ;
- технологиялық машиналарды жобалауда бір типтегі конструктрлық тапсырмаларды шешуді біледі.

Постреквизиттер:

Осы пән білімін пайдаланатын пәндерге:

- кен машиналарын есптеу параметрлерін автоматтандырылуы;
 - кен өндірісіндегі компьютерлік есептеу технологиясының негізі; -
- технологиялық машиналардың САПР;
- дипломдық жоба.

KGMSU3221.1-Тау-кен машиналары мен тұрақты қондырғыларды конструкциялау-4 кредит

Пререквизиттері: Берілген пәнді үйренуге қажетті өткізілетін пәндер (мамандықтың жұмыстық оқу жоспары бойынша пәндер тізімі):

- математика 1,2;
- ақпараттану;
- физика 1,2

- сызба геометрия және инженерлік графика;
- теориялық механика;
- материалдар кедергісі;
- стандарттау, сертификаттау және техникалық өлшеу.

Оқытудың мақсаты: Пәннің мақсаты мен мазмұны кен машиналары мен тұрақты қондырғылардың конструкциясын жобалаудың негізгі мәселелерін игеру болып табылады, олар мамандығы бойынша тәжірибеде қажетті болады.

Қысқаша мазмұны: Физикалық мәндердің бірліктері СИ жүйесінің бірліктері. СИ жүйесіне кірмейтін бірліктер. Бірліктерді түзу ережелері. Бірлік белгілерін жазу. Негіздеу және машина жасаудағы негіздер. Конструкция технологиялығы. Стандарттау негізінде конструкция технологиялығын қамтамасыз ету. Конструкция технологиялығының көрсеткіштері. Бұйымды әзірлеу және өндіріске қою. Кен машиналарын жасаудың жалпы реті. Қажет құжаттар, оларды рәсімдеу. Ауытқу рұқсаттамасы мен қондырудың бірегей жүйесі. Жалпы мағлұмат. Ауытқудың сандық мәндері. Қондыру алаңдары. Жалғама түрлері. Бұрандалы жалғама. Шпонкалы, шлицті жалғама. Подшипникті жалғама. Подшипниктер түрлері. Стандартталған подшипник қораптары. Тісті және рейкалы берілістер. Жіктелуі. Терминдер. Тісті цилиндрлік берілістер. Модульдер. Негізгі көрсеткіштері. Тісті рейкалы берілістер. Дәлдік дәрежелері. Конструкторлық құжаттарды рәсімдеу ережелері.

Күтілетін нәтижелер. Технологиялық машиналар және жабдықтар мамандығының бакалаврлары:

- кен машиналары және тұрақты қондырғыларды жобалаудың негізгі принциптері және әдістемесі туралы түсініктерді біледі;
- конструкцияның массасын және металл сыйымдылығын төмендету әдістері туралы біледі ;
- конструкциялық параметрлер есептерін біледі;
- жиналмалы бірліктер мен машина бөлшектерін конструкциялауды біледі;
- кен машиналары және тұрақты қондырғыларды жобалау кезінде біртүрлі конструктивтік тапсырмаларды шешуді біледі.

Постреквизиттер: Оқытылатын пәннің білімін қолданатын пәндер тізімі (мамандықтың жұмыстық оқу жоспары бойынша):

- машиналық графика;
- КМ және ТҚ электрожетегі және электрожабдықтары;
- гидравликалық машиналар мен жетектер;
- технологиялық машиналарды жобалау;
- жерасты кеніштеріндегі кен машиналары;
- ашық жұмыстардың кен машиналары;
- тасымалдау машиналары;
- көтерім қондырғылары;
- сүтөкпе, желдетпе және ауалық қондырғылар.

KGMSU 3221.2 – Гидравликалық машиналарды конструкциялау- 4 кредит

Пререквизиттер: математика 1,2; информатика; физика 1,2; сызба геометриясы және инженерлік графика; теориялық механика; материалдар кедергісі; стандарттау, сертификаттау және технологиялық өлшеулер.

Оқытудың мақсаты: Пәнді оқытудың мақсаты мен міндеттері машина жасаудағы соңғы жетістіктерді ескере отырып, кен машиналары мен тұрақты қондырғылардың конструкцияларын жобалау саласында білім алу болып табылады.

Қысқаша мазмұны: Оқу пәнінде кен машиналары мен тұрақты қондырғыларды конструкциялаудың негізгі принциптері, әдістері және әдістемелері оқытылады. Кен машиналары мен тұрақты қондырғылардың ұтымды конструкциялық параметрлерін

анықтау. Кен машиналары мен тұрақты қондырғыларды құрылымдау кезінде тәжірибелік есептеулер.

Күтілетін нәтижелер: білу керек:

-технологиялық машиналарды жобалаудың әдістемелері және негізгі принциптерін;

-құрылымның металл сыйымдылығын және массасын азайту әдістерін;

-конструкциялық параметрлерді есептеу принциптерін;

-жинақтама бірліктерін және машина бөлшектерін құрылымдауды;

-технологиялық машиналарды жобалау кезінде конструкторлық мәселелерді шешуді.

Постреквизиттер: технологиялық машиналардың АЖЖ (автоматтандырылған жобалау жүйесі); дипломдық жобалау.

ТМО3302 – Тасымалдау машиналары және жабдықтары- 4 кредит

Пререквизиттер: Осы пәнді оқып үйренуге қажетті сабақтас пәндерге “Математика”, “Физика”, “Гидравлика және гидропневможетек”, “Машиналар детальдары және конструкциялау негіздері”, “Материалдар кедергісі”, “Механизмдер мен машиналар теориясы”, “Электротехника, электроника және тау-кен машиналары мен жабдықтарының электр жетегі”, “Өндірістік процесстерді автоматтандыру”.

Оқытудың мақсаты: Пәнді оқытудың мақсаты жер асты кен орындарын қазып алудың технологиясы мен көлік саласындағы соңғы жетістіктерді ескеретін шектес технологиялық процесстерді және тау-кен техникалық жағдайларымен байланысты шахталық көлік бойынша тау-кен инженерінің негізделген техникалық және ұйымдастырушылық шешімдерді қабылдау үшін қажетті тасымалдау машиналары мен комплекстерінің теория, есептеу және пайдалану саласында білім алу болып табылады.

Қысқаша мазмұны: Көлік құралдарының жіктелуі. Тасымалдау машиналарын есептеу негіздері. Үзілісті әсерлі тасымалдау машиналары. Рельсті жолдар. Кеніштік вагоншалар. Кеніштік локомотивтер. Өздігінен жүретін көлік. Ысырмалы қондырғылар. Сым арқанды көлік. Конвейерлі қондырғылар. Ысырмалы конвейерлер. Тақташалы конвейерлер. Дірілді, тербелісті және арнайы конвейер түрлері. Пневмо және гидрокөлік қондырғылары. Гравитациялық көлік. Рудалы шахта үстіндегі көлік.

Күтілетін нәтижелер: білу керек: тасымалдау машиналары мен қондырғыларының конструкциясын және оларды пәрменді қолдану жағдайларын ;

- тарту күшінің ілінісумен, үйкеліспен, іліп алып тартумен, тербеліспен, жұмыстық ортамен және т.б. берілу теориясының негіздерін;

- тасымалдау машиналары мен қондырғыларының тартқыштық және пайдалану есептеулерінің әдістерін;

- тасымалдау құралдарын қолданудың пәрменділігін сипаттайтын техника-экономикалық есептеулер негіздерін және олардың оңтайлы параметрлерін анықтауға арналған экономикалық-математикалық модельдеуді;

- шахталық көлікті қауіпсіз және жоғары нәтижелі пайдалануды қамтамасыз ететін басқару және автоматтандыру принциптерінің негіздерін;

- көлік құралдарын қолданудың пәрменділігін анықтау бойынша техника-экономикалық есептеулерді жүргізуді.

Постреквизиттер: Осы пән білімін пайдаланатын пәндерге “Технологиялық машиналарды жобалау”, “Технологиялық машиналар сенімділігі”, “Технологиялық машиналарды құрастыру және пайдалану”, “Технологиялық машиналарды жөндеу”.

ЛТ3302.1 – Көліктегі логистика- 4 кредит

Пререквизиттер: Осы курсқа қажетті сабақтас пәндер: «Математика», «Физика», «Гидравлика және гидропневможетек», «Машина детальдары және конструкциялау

негіздері», «Материалдар кедергісі», «Механизмдер мен машиналар теориясы», «Электротехника, электроника және кен машиналары мен жабдықтарының электр жетегі», «Өндірістік процестерді автоматтандыру», «Тау-кен машиналары мен стационарлық қондырғыларды конструкциялау».

Оқытудың мақсаты: Пәнді оқытудың мақсаты кен орнын жер асты қазудың технологиясы, көлік және көлік логистикасы саласының соңғы жетістіктерін ескере отырып шектес технологиялық процестер мен тау-кен техникалық жағдайларымен байланысты шахталық көлік және көлік логистикасы бойынша тау-кен инженерінің негізделген техникалық және ұйымдастырушылық шешімдерді қабылдауға қажетті тасымалдау машиналары мен комплекстерін есептеу, пайдалану және теориясы саласында студенттердің білім алуы болып табылады.

Қысқаша мазмұны: Көлік құралдарының жіктелуі. Логистиканың түсінігі және міндеттері. Тасымалдау машиналарын есептеу негіздері. Логистикалық жүйелер. Үзілісті әсерлі тасымалдау машиналары. Рельсті жолдар. Логистикадағы материалдық ағымдар және қорлар. Кеніштік вагоншалар. Логистикалық операциялар және функциялар. Кеніштік локомотивтер. Логистикадағы жүйелік тәсілдің принциптері. Өздігінен жүретін көлік. Өндірістік логистика. Ысырмалы қондырғылар. Өндірістік логистикада материалдық ағымдарды басқару жүйелері. Сым арқанды көлік. Көліктік логистика. Конвейер қондырғылары. Ақпараттық логистика. Ысырмалы конвейерлер. Логистикадағы ақпараттық жүйелер. Тақташалы конвейерлер. Логистикадағы ақпараттық жүйелердің деңгейлері. Дірілді, тербелісті және арнайы конвейерлер түрлері. Логистикада ақпараттық жүйелерді құру принциптері. Пневматикалық және гидравликалық көлік қондырғылары. Көлік логистикасының пәрменділігінің көрсеткіштері. Гравитациялық көлік. Логистиканың ғылыми және практикалық проблемалары. Рудалы шахта үстіндегі көлік.

Күтілетін нәтижелер: білуі керек:

- тасымалдау машиналары мен қондырғыларының конструкциясын және оларды пәрменді қолдану жағдайларын;
- күштің ілініспен, үйкеліспен, тербеліспен, жұмыстық ортамен және т.б. берілу теориясының негіздерін;
- тасымалдау машиналары мен қондырғыларының тартқыштық және пайдалану есептерінің әдістерін;
- көлік құралдарының қолдану пәрменділігін және олардың оңтайлы параметрлерін анықтауға арналған экономикалық-математикалық модельдеуді сипаттайтын техника-экономикалық есептеулер негіздерін;
- материалдық ағымдарды жасаудағы жүйелік тәсіл принциптерін;
- өндірістік, көліктік және ақпараттық логистикаларды жобалау негіздерін;
- өз еңбегін ғылыми негізде ұйымдастыруды, материалдарды компьютерлік әдістермен жинауды, сақтауды және өңдеуді игеруді қалыптасыру;

Постреквизиттер: Осы курс білімі пайдаланылатын пәндер: «Технологиялық машиналарды жобалау», «Технологиялық машиналардың сенімділігі», «Технологиялық машиналарды жөндеу», «Технологиялық машиналарды құрастыру және пайдалану», «Өнеркәсіп экономикасы».

LT3302.2 – Технологиялық машиналар және жабдықтар- 4 кредит

Пререквизиттер: Берілген пәнді үйренуге қажетті өткізілетін пәндер (мамандықтың жұмыстық оқу жоспары бойынша пәндер тізімі):

- математика 1,2;
- физика 1;
- информатика;
- сызба геометриясы және инженерлік графика
- теориялық механика;
- механизмдер мен машиналар теориясы;

-материалдардың кедергісі;

-электротехника.

Оқытудың мақсаты: Пәнді оқытудың мақсаты кеніштік көтерім қондырғыларының жұмыс істеу принциптері мен механикалық жабдықтарын, оларды есептеу әдістемелерін және ұтымды пайдалану режимдерін оқып үйрену.

Қысқаша мазмұны: Тау-кен және технологиялық машиналар. Жіктелуі. Бұрғылау машиналары. Пневматикалық перфораторлар, гидро тоқпақтар, гидро перфораторлар. Шпурлар мен скважиналарды бұрғылауға арналған бұрғылау қондырғылары. Экскавациялық машиналар. Үңгілеуге және қосалқы жұмыстарға арналған машиналар, кешендер және жабдықтар. Жүк көтергіш механизмдер. Тау-кен, тасымалдаушы технологиялық машиналар, кешендер және көлік сұлбалары. Тасымалдау машиналарының есептеу теориясының негіздері. Үзілісті әсерлі тасымалдау қондырғылары. Рельсті көлік. Өздігінен жүретін көлік. Ысырмалы кешендер. Сым арқанды тасылым. Үздіксіз әсерлі тасымалдау қондырғылары. Конвейер қондырғылары. Гидро және пневмо көлік қондырғылары. Тұрақты технологиялық қондырғылар. Турбомашиналар теориясының негіздері. Кеніштік сутөкпе. Сутөкпе сұлбалары.

Күтілетін нәтижелер: білу керек:

-тау-кен, тасымалдау машиналары мен тұрақты қондырғылардың құрылысы мен әсер ету принциптерін;

- тау-кен, тасымалдау машиналары мен тұрақты қондырғылардың ең ұтымды құрамын және нақты тау-кен геологиялық жағдайларда оларды пайдаланудың оңтайлы тәсілдерін таңдау бойынша тәжірибелік дағдыларды;

- тау-кен шахталық жабдықтар саласында негізгі терминдер мен анықтамаларды;

- тау-кен, тасымалдау машиналары мен тұрақты қондырғыларды қолдану кезінде техника қауіпсіздігін және технологиялық қызмет көрсетудің пайдалану ережелерінің талаптарын;

- тау-кен, тасымалдау машиналары мен тұрақты қондырғыларды пайдаланудың және ұтымды жұмыс істеу режимдерін есептеуді.

Постреквизиттер: Осы курс білімі пайдаланылатын пәндер: технологиялық машиналарды жобалау; технологиялық машиналардың сенімділігі; технологиялық машиналарды жөндеу; технологиялық машиналарды құрастыру және пайдалану; гидро жүйелердің конструкуиялық параметрлерін есептеу; гидравликалық жүйелердің гидро жетектері.

GMO 3301 - Тау-кен машиналары және жабдықтары- 4 кредит

Пререквизиттер: Кен өндірісіне бейімделу бойынша тренинг технологиялық машиналар тапсырмасындағы математика, тау-кен жұмыстары технолгиясы.

Оқытудың мақсаты: Кен машиналары мен жабдықтары конструкциясы және жұмыс істеу принциптерін үйрену, теориялық білім алу. Кен машиналарының негізгі параметрлерін есептеу және таңдау және оларды ұтымды қолдану әдістері туралы білу.

Қысқаша мазмұны: Шпурлармен ұңғымаларды бұрғылауға арналған ауалық және гидравликалық бұрғылық қондырғылар, бұрғылаудың теориялық процесстері және әдістер, конструкциялары және жұмыс істеу принципі, оқтау машиналары мен қондырғылары, циклды және үзіліссіз жұмыс істейтін тиеу машиналары мен экскаваторлар конструкциясы, тарту есептері, ұңғылау және тазарту жұмыстарына машиналар мен кешендер, ұңғылау және тазартуға кен комбайындары мен кешендері, ал сол сияқты тік және көлбеу қазбалар мен оқпандарды жүргізуге машиналар мен жабдықтар, кен қазбаларын бекітуге, қарауға және төбені ұстауға арналған машиналар.

Күтілетін нәтижелер: білу керек:

- кен машиналары конструкциясы және оларды тиімді қолдану шарттары:

- кен машиналары мен жабдықтарының тарту және пайдалану есептерінің әдістері:

- кен машиналарын тиімді қолдануды сипаттайтын техника-экономикалық есептеу негіздері;
- кен машиналарын техникалық және жөндеуді күтуді ұйымдастыру және ережелері;
- жабдықтарды құрауды қабылдау және ережелері;
- кен машиналарының жаңа үлгілерін сынау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру және әдістері;
- өз еңбегін ғылыми негізде ұйымдастыру материалдарды жинаудың компьютерлік әдістерін игеру және өңдеу;
- кен машиналарының негізгі параметрлерін анықтау тапсырмаларын шешу әдістерін қолдану;
- кен машиналарына ұсынылатын негізгі талаптарына дұрыс жіктеу;
- анықтамалық және ақпараттық материалдарды қолдану;
- КМ тиімді қолдануды орнату бойынша техника-экономикалық есептеулерді жүргізу.

Постреквизиттер: Кен машиналары мен тұрақты қондырғылардың электро жетегі, кен машиналарында компьютерлік есептеу технологиясы, кен машиналарының гидрожетегі.

GTM3301.1 Тау-кен технологиялық машиналары мен жабдықтары-4 кредит

Пререквизиттер: Кен өндірісіне бейімделу бойынша тренинг, технологиялық машиналар тапсырмасындағы математика, тау-кен жұмыстары технологиясы.

Оқыту мақсаты: Тау-кен технологиялық машиналары мен жабдықтары конструкциясы және жұмыс істеу принциптерін үйрену теориялық білім алу. Тау-кен технологиялық машиналарының негізгі параметрлерін есептеу және таңдау және оларды ұтымды қолдану әдістері туралы білу.

Қысқаша мазмұны: Пәнде оқылатындар: жерасты кеніштеріндегі кен машиналары, жабдықтары және механикаландырылған кешендер. Оларға жататындар: жоғарғы өнімді бұрғылық машиналар, қондырғылар және станоктар, оқтау машиналары, кен қазбаларын бекіту машиналары, ал сол сияқты қазіргі экскавациялық өздігінен жүретін машиналар. Оқылатын теориялық процестер: ауалық және гидравликалық бұрғылық, тиеу машиналары мен жабдықтары, әр түрлі әдістермен кен жыныстарын бұзу теориясы. Кен-шахталық жабдықтардың тарту есептері, жұмыс істеу принциптері, қолдану, пайдалану, техникалық күту және жөндеу шарттары жүргізіледі.

Күтілетін нәтижелер: білуі керек:

- тау-кен технологиялық конструкциясы және оларды тиімді қолдану шарттары;
- тау-кен технологиялық машиналары мен жабдықтарының тарту және пайдалану есептерінің әдістері;
- тау-кен технологиялық машиналарын тиімді қолдануды сипаттайтын техника-экономикалық есептеу негіздері;
- тау-кен технологиялық машиналарын техникалық және жөндеуді күтуді ұйымдастыру және ережелері;
- жабдықтарды құрауды қабылдау және ережелері;
- тау-кен технологиялық машиналарының жаңа үлгілерін сынау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру және әдістері;
- өз еңбегін ғылыми негізде ұйымдастыру материалдарды жинаудың компьютерлік әдістерін игеру, сақтау және өңдеу;
- тау-кен технологиялық машиналарының негізгі параметрлерін анықтау тапсырмаларын шешу әдістерін қолдану;
- тау-кен технологиялық машиналарына ұсынылатын негізгі талаптарды дұрыс жіктеу;
- анықтамалық және ақпараттық материалдарды қолдану;

- тау-кен технологиялық машиналарын тиімді қолдануды орнату бойынша техника-экономикалық есептеулерді жүргізу.

Постреквизиттер: Кен машиналары мен тұрақты қондырғылардың электрожетегі, кен машиналарында компьютерлік-есептеу технологиясы, кен машиналарының гидроневожетегі.

GOGM3301.2 – Тау-кен машиналарының гидравликалық жабдықтары- 4 кредит

Пререквизиттер: Берілген пәнді оқып зерделеуге қажетті пәндер (мамандықтың жұмысшы оқу жоспары бойынша пәндер тізімі);

- математика, 1- бөлім;
- математика, 2- бөлім;
- физика, --1-бөлім;
- информатика;
- сызба геометрия және инженерлік графика;
- теориялық механика;
- машиналар мен механизмдер теориясы;
- материалдар кеңдергісі;
- гидравлика;

Оқытудың мақсаты: Пәнді оқытудың мақсаты гидравлика заңдарының негізінде технологиялық машиналар мен жабдықтарда қолданылатын гидронево жетектің құрылымын, жұмыс істеу принципін зерделеу.

Қысқаша мазмұны: Технологиялық машиналардың гидронево жетегі туралы жалпы мәліметтер. Көлемдік гидронево жетектер. Көлемдік сорғылар туралы мәліметтер. Поршеньді және ротор-поршеньді сорғылар. Пластиналы және тістегерішті сорғылар. Көлемдік гидронево қозғалтқыштар. Күштік бұру және моменттік гидро цилиндрлер. Гидроаппараттар. Гидробөлгіштер. Қысым және шығын реттегіштер. Гидродинамикалық берілістердің негізі. Гидродинамикалық жалғастырғыштар (муфта). Пневможетек. Көлемдік пневмоқозғалтқыштар. Пневмоаппараттар.

Күтілетін нәтижелер: білу керек: гидронево жетектер саласындағы негізгі терминдер мен анықтамаларды, гидронево жетектің, гидро муфталардың, гидронево жетектердің қосымша қондырғыларының жұмыс істеу принциптерін және құрылғылық ерекшеліктерін;

- технологиялық жабдықтардың гидронево жетектерін тұтыну режимдерін, қауіпсіз жұмыс ережелерін;
- гидравликалық сұлбаларды құру және сызба түрде көркемдеп, гидронево жүйелерді жинақтау және іске қосуды;
- технологиялық машиналар мен жетектердің қосымша гидроаппараттарын және гидронево жетектің рационалды жұмыс режимін есептеуді.

Постреквизиттер: Оқытылатын пәннен алған білімді керек ететін пәндер тізімі (мамандықтың жұмыс жоспары бойынша);

- технологиялық машиналарды монтаждау және тұтыну;
- технологиялық машиналарды автоматтық жобалау жүйелері (САПР);
- технологиялық машиналарды жасау;
- технологиялық машиналардың гидронево жетектері теориясы және жобалау.

MZSAPRGM3305 – АЖЖ мәселелеріндегі математика- 3 кредит

Пререквизиттер: математика 1, математика 2, ТКМмТҚ мәселелеріндегі математика, ТКМмТҚ есептеріндегі математика

Оқытудың мақсаты: Кен машиналары мен тұрақты қондырғылардың АЖЖ(ТКМмТҚ АЖЖ) есептеулерінде математиканың қолданылу аймағында білімді алу.

Қысқаша мазмұны: математикадан алдын ала мәліметтер. ТКМмТҚ жобалаудың типтік тапсырмалары АЖЖ-ғы шешімдерде қолданылатын есептеулер. Математикалық

қамтамасыз ету түрлері және АЖЖ-ғы есептеулердің классификациясы. ТКМмТҚ сенімділігін орнатуға тапсырмаларды шешу кезінде бөлу заңдары мен сандық сипаттамалары. ТКМмТҚ жобалау және конструкциялау есептері үшін математикалық моделдер. ТКМмТҚ конструкцияларындағы статикалық және ауыспалы процестерді талдау әдістері. ТКМмТҚ жұмыстық құрамында жүктемелерді есептеудегі математика. ТКМмТҚ жобалау есептеулеріндегі тізбектік әдістері. ТКМмТҚ АЖЖ –имитациялық моделдері. ТКМмТҚ істен шығуын орнату есептеулеріндегі математикалық моделдер. ТКМмТҚ буындары мен бөлшектерінің механикалық желінуін есептеудегі математика. АЖЖ-ғы ТКМмТҚ конструктивтік шешімдері туралы ақпараттарды түрлендірудегі математика.

Күтілетін нәтижелер: ТКМмТҚ АЖЖ есептеудегі математиканың заңдарын қолдануды білу.

Постреквизиттер: ТКМмТҚ жобалау, ТКМмТҚ конструкциялау

MatMP3305.1–Тау-кен машиналарын жобалаудағы математикалық әдістер- 3 кредит

Пререквизиттер: математика 1, математика 2, ТКМмТҚ мәселелеріндегі математика, ТКМмТҚ есептеріндегі математика

Оқытудың мақсаты: ТКМмТҚ жобалау және конструкциялау кезінде математикалық әдістерді қолдану туралы білімді алу.

Қысқаша мазмұны:Негізгі математикалық терминдер. ТКМмТҚ жобалау және конструкциялау туралы жалпы мәліметтер. Математикалық моделдердің классификациясы. Математикалық моделдерге талаптар. Моделдерді алу әдістері: материалдар, пішімдер; жүктеу және бекіту. ТКМмТҚ жобалау және конструкциялау есептеулері үшін математикалық моделдер. ТКМмТҚ жұмыстарының статикалық ауыспалы және динамикалық режимдерін талдау әдістері. АЖЖ-ғы құрылымдық синтезі және параметрлік тиімділігі. ТКМмТҚ жобалау кезінде құрылымдық синтезді есептеудегі шешім ерекшеліктері. Жобалау, конструкциялау, дайындау және пайдалану кезінде ТКМмТҚ элементтері мен буындарының динамикалық жүктеулерін, беріктігін, желіну тұрақтылығын, коррозиялық тұрақтылығын және сенімділігін есептеулерді шешу кезінде математикалық әдістері.ТКМмТҚ АЖЖ әдістемесі және математикалық қамтамасыз ету.

Күтілетін нәтижелер: Кен машиналары мен тұрақты қондырғыларды жобалау және конструкциялау кезінде математикалық әдістерді қолдануды білу.

Постреквизиттер: ТКМмТҚ жобалау, ТКМмТҚ конструкциялау

MatMPG3305.2–Гидравликалық машиналарды жобалаудағы математикалық әдістер- 3 кредит

Пререквизиттер: математика 1, математика 2, ТКМмТҚ мәселелеріндегі математика, ТКМмТҚ есептеріндегі математика

Оқытудың мақсаты: ТКМмТҚ жобалау және конструкциялау кезінде математикалық әдістерді қолдану туралы білімді алу.

Қысқаша мазмұны:Негізгі математикалық терминдер. ТКМмТҚ жобалау және конструкциялау туралы жалпы мәліметтер. Математикалық моделдердің классификациясы. Математикалық моделдерге талаптар. Моделдерді алу әдістері: материалдар, пішімдер; жүктеу және бекіту. ТКМмТҚ жобалау және конструкциялау есептеулері үшін математикалық моделдер. ТКМмТҚ жұмыстарының статикалық ауыспалы және динамикалық режимдерін талдау әдістері. АЖЖ-ғы құрылымдық синтезі және параметрлік тиімділігі. ТКМмТҚ жобалау кезінде құрылымдық синтезді есептеудегі шешім ерекшеліктері. Жобалау, конструкциялау, дайындау және пайдалану кезінде ТКМмТҚ элементтері мен буындарының динамикалық жүктеулерін, беріктігін, желіну тұрақтылығын, коррозиялық тұрақтылығын және сенімділігін есептеулерді шешу кезінде математикалық әдістері.ТКМмТҚ АЖЖ әдістемесі және математикалық қамтамасыз ету.

Күтілетін нәтижелер: Кен машиналары мен тұрақты қондырғыларды жобалау және конструкциялау кезінде математикалық әдістерді қолдануды білу.

Постреквизиттер: ТКМмТҚ жобалау, ТКМмТҚ конструкциялау

VVPU3304 «Сүтөкпе, желдетпе және ауа қысымдық қондырғылар» - 4 кредит

Пререквизиттері: физика 1, физика 2

Оқыту мақсаты: Шахталық сүтөкпе, желдетпе және сығылған ауалық қондырғылардың жұмыс істеу принципін және электромеханикалық жабдықтарды пайдалануды, таңдауды игеру.

Қысқаша мазмұны: Пәнде тау-кен өндірісіндегі техноло-гиялық маңызды және ірі энергия тұтынушылардың құрылымдары зерделенеді; желдеткіштердің және әртүрлі компрессорлардың конструкциялары, негізгі параметрлері және қолданылу аймақтары, оларды пайдаланудың үнемді кестелері зерделенеді. Сорғызу стансаларын, бас желдетпе желдеткіш қондырғыларын жобалау әдістері іс жүзінде игеріледі. Құбырлық өткізгіштер желісі, олардың құрылымы және құрастыру, сорғызу, желдетпе және компрессорлық қондырғыларды үнемді және пайдалану қауіпсіздігі зерделенеді.

Күтілетін нәтижелер: Кеніш пен шахталық тұрақты қондырғылардың жұмыс істеу режимін анықтай білу. Сүтөкпе, желдетпе және сығылған ауалық қондырғылардың өнімділігін жоғарылату мақсатында аса тиімді жабдық таңдай білу. Қауіпсіздік шаралардың заңдарын және технологиялық жобалаудың нормаларын білу.

Постреквизиттер: дипломдық жобалау.

ChSU3304.1 - Шахталық тұрақты қондырғылар- 4 кредит

Пререквизиттер: математика, физика, машина бөлшектері, тасымалдау машиналары мен жабдықтары

Оқытудың мақсаты: Шахталық тұрақты қондырғыларының электромеханикалық жабдықтарының жұмыс істеу принципін, құрылысын игеру, таңдау және пайдалану.

Қысқаша мазмұны: Кен қазбаларын желдету, кеніштік су төкпе және сығылған ауаларды өндіруге арналған машиналардың жұмыс принциптері мен конструкциялары. Толтырмалау қоспаларын дайындау машиналары және торкрет бекітпелерін тұрғызу механизмдері. Тұрақты қондырғыларды тиімді пайдалану және қауіпсіздігін қамтамасыз ету, осындай қондырғыларды жобалауды білу, жабдықтарды таңдау, олардың жұмыстарының ұтымды режимдерін және техникалық-экономикалық көрсеткіштерін анықтау.

Күтілетін нәтижелер: Білу қажет: Кеніштік тұрақты қондырғылар үшін жабдықтарды өте тиімді таңдау және есептеу ікемділігі және оларды дұрыс және қауіпсіз пайдалану. Жаңа техниканы, техникалық және технологиялық құжаттарды өз бетімен игеру ікемділігі. Қауіпсіздік ережелер талаптарын және еңбекті қорғауды білу.

Постреквизиттер: Дипломдық жоба.

TIGM 3304.2 - Гидравликалық машиналарды жасау технологиясы- 4 кредит

Пререквизиттер: Теориялық механика, металдар кедергісі, машиналар мен механизмдер теориясы, конструкциялау негіздері мен машина бөлшектері, гидромеханика, кен машиналарының жабдықтары, гидравликалық машиналарды конструкциялау, ГМЖБЖ математикалық есептері.

Оқыту мақсаты: конструкциялаудың негізгі мәселелері, дайындау, сынау және гидравликалық машиналарды сериялы шығару туралы білім алу.

Қысқаша мазмұны: Гидравликалық машиналар мен гидроаппаратуралар жұмысының сенімділігі, ұзақ мерзімділігі дайындаудың технологиялық процесін жобалау принциптері бөлшектерді өңдеу маршруттарын таңдауға байланысты.

Үйренушілер пәнді оқу кезінде өндірістік процестің құрылымы, типтік бөлшектерді жасау технологиясының ерекшелігі, буындар мен машиналарды жинақтау, машинажасау

өндірісін бұрғылау және сынауды ұйымдастыру әдістері туралы білімді алады. Үйренушілер гидропневматикалық жетектердің бөлшектерін жасаудың технологиялық процестерін жобалау бойынша техникалық және экономикалық дәлелденген варианттарды қабылдау негізінде тапсырма кешенін өзіндік шешу білгірлігін және оларды игере алады.

Күтілетін нәтижелер: Бакалаврдың кәсіптік сипаттамасына сай ол келесілерді білуге және істей алуға тиісті:

- Қазақстан және шетелдердегі машина жасау өнеркәсіптеріндегі машина жасау технологиясының қазіргі кездегі күйін;
- гидравликалық машиналар мен жабдықтарды жасаудың өндірістік үрдістерінің құрылымын;
- гидравликалық машиналар мен гидропневмоаппараттарды жасаудың технологиялық үрдістерін жобалау принциптерін;
- типтік бөлшектерді және тораптар мен машиналарды жасау технологияларының ерекшеліктерін;
- гидравликалық машиналардың металсыйымдылығы мен массасын азайту әдісін;
- гидравликалық машиналардың прецизионды бөлшектерін құру негіздерін;
- машина жасау өнеркәсіптерін ұйымдастыру және бақылау әдістерін;
- гидравликалық машиналар бөлшегін жасаудың технологиялық үрдісін жобалай білуге;
